

# АНА ТІЛІ

Ғалим Тазабаев

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

## Тарази мектебі



Қаламгердің қалың көпшілік әлі күнге жете біле бермейтін бір қыры, ерекше еңбегі бар. Ол – Әкім Таразидың ұстаздығы. Яғни, Әкім ағамыз сонау тоқсаныншы жылдардан бастап Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұстаз болған. Одан кейін Астана қаласындағы Қазақ ұлттық Өнер университетінде болашақ кинотеледраматургтерге тәлім-тәрбие берді. Жас шәкірттерге білім беріп, жол-жоба көрсету жақсы шығарма жазып, белгілі қаламгер атанудан қиын болмаса, ешқандай да оңай емес.

Қазіргі кезде түрлі мамандық беретін жоғары оқу орындары барынша көбейген. Ол оқу орындарында өздеріне қатысты мамандықтардың қыр-сырын теориялық жағынан жетік игерген білгір де білімді ғалым-ұстаздар жетіп артылады. Бірақ олардың арасында Әкім Тарази сынды ұстаздардың алар орны ерекше. Өйткені, бұл ұстаздар өздері оқытып, тәрбиелейтін мамандықтардың бар құпиясын теориялық жағын ғана емес, практикалық тұрғыдан да жақсы біледі, оның қыр-сырын жетік

меңгерген. Мұндай ұстаздар әсіресе, өнер саласында өте қажет. Соған орай, өнер оқу орындарында болашақ режиссерлерге танымал режиссерлердің, болашақ актерлерге атақты сахнагерлердің, суретші болатындарға белгілі қылқалам шеберлерінің ұстаздық жасауы ежелден қалыптасқан жақсы дәстүр. Әр жылдарда Әкім Таразиден тәлім-тәрбие алған Данияр Саламат, Мәдина Омарова, Қарлыға Сейсен, Қарлығаш Алпысбаева, Жәнібек Оразалы, Ардақ Қонақбаева сынды жастар бүгінгі таңда әдебиеттің, кино мен театрдың әр саласында жемісті еңбек етуде. Дүниеден тым ерте өткен ақын, әнші Ермұрат Зейіпхан да Әкім ағайының шәкірті еді. Ал Әкім ағайынан кинотеледраматургия мамандығының қыр-сырын төрт жыл бойы оқып үйренген Ұларбек Нұрғалым мен Динара Бөрібаева ұстазының ізін басып, жас толқынды тәрбиелеуде.

Қаламгердің 2003 жылы «Елорда» баспасынан жарық көрген «Тәж» атты эсселер мен сыр-толғаулар жинағында ұлттық әдебиетіміздің, театрымыз бен киномыздың өсіп-өркендеуі мен бұл саладағы жас толқынды тәрбиелеу жөнінде көптеген өзекті мәселелер көтерілген. Жинақтағы «Дән мен қауыз» атты эссесінде автор «Ұйымдастырушылық қабілеті бар, жап-жақсы әкім болып кететін жігіттердің жазушы болып, дарынсыз жазушы болып, адасып жүргендері аз ба? Жап-жақсы бухгалтер болып кететін алғыр жігіттердің артист болып шатасып жүргендері аз ба?» деп жазады. Әкім Тарази сонау 2001 жылы «Киноның халі қинайды мені» деген тақырыпта проблемалық мақала жазып, жариялады. Мақалада автор «кино жарықтыққа жиырма жыл өмірін қиып бергенін» айта келіп, бұл саладағы ең өзекті мәселе кино өнеріне қадам басатын жас толқынға дұрыс бағыт-бағдар беру екендігін атап көрсетеді. Бұл ой-пікірлерін Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын кино саласы бойынша бітіретіндерге арналған комиссияға төраға болғандағы көрген-білгендеріне сүйеніп айтады. Соған орай, «Бардан-жоқтан құрап сюжет жасайтын, бардан-жоқтан ұрлап идея құрайтын кәсіпқой мамандар жетіп жатыр, ондайлардан біздің қазақ киносы да ада емес;

шала-жансар дүниелер жылдан жылға көбеймесе азаяр түрі жоқ» деген кімді де болса ойландыратын, ащы шындыққа толы пікір білдірді. «Әдебиет жоқ жерде кино да жоқ» деген мақаласында қаламгер «Киноның алтын өзегі – әдебиет. Әдебиет жоқ жерде кино да болмайды. Он жерден тыртаңдаса да әдебиет жоқ болса, ештеңе шықпайды. Кинорежиссер деген сол әдебиетті экран тіліне аударушы. Режиссердің өзі жазамын деп тыраштанған фильмдердің бәрі – баланың ойыншығы секілді» деген мәселе көтереді. Қысқасы, Әкім Тарази шығармалары да, киноға, өнерге қатысты ойлары да, ұстаздығы да бәрі қосылып бүтіндей бір мектеп.

**Сұлтанәлі Балғабаев**